

Жаңалықтар дайджесі



2023 жылдың 01-14 мамыры



Қазақстан экономикасы 5%-ға өсті

Дереккөз: <https://primeminister.kz/ru/news/ekonomika-kazakhstanana-vyrosla-na-5-24086>

ЖІӨ өсімі, %



Дереккөз: ҚР СЖПА ҰСБ, primeminister.kz, Jusan Analytics есептеулері



Клара Сейдахметова

Талдаушы


“Үкіметтің таяудағы отырысында еліміздің 2023 жылдың 4 ай ішіндегі әлеуметтік-экономикалық дамуының нәтижесі көрсетілді. Экономиканың өсімі 5%-ды құрады: нақты сектор 4.8%-ға дейін жеделдеді, ал қызмет көрсету секторы керісінше 4.9%-ға дейін төмендеді (1-тоқсанның қорытындысы бойынша 5.1% болған еді). Экономиканың бұлайша өсуіне негізінен тау-кен өндіру саласы үлес қосты. Бұл сала 0.2%-дан 2.0%-ға дейін қалпына келді. Бұған пайдалы қазбаларды, мұнай мен газды өндірудің өскендігі ықпал етті. Сонымен қатар құрылыс, сауда және байланыс салаларында өсу қарқыны аздап бәсеңдегені болмаса, әлі де жоғары. Бұған негізгі капиталға жұмсалатын инвестиция да септігін тигізді. Оның көлемі 18%-ға дейін жоғарылады. Ауыл шаруашылығына бағытталған инвестиция көлемі де айтарлықтай өсті. Ол 2019 жылдан бері тұңғыш рет, соңғы 4 айдың қорытындысы бойынша жақсы өсу қарқынын көрсетті.

Біз бұған дейін жыл қорытындысы бойынша экономиканың өсу деңгейі 4.0-4.5% деңгейінде болады деп болжаған едік. Әзірге осы болжамды өзгеріссіз қалдырамыз. Экономиканың өсуіне жоғары инвестициялық белсенділік, бағалық қысымның біртіндеп төмендеуі, сыртқы сектор тарапынан айқынсыздықтың жойыла бастауы және Үкіметтің экономиканы одан әрі әртараптандыру және жаңа жұмыс орындарын ашу бойынша өз жоспарын орындауы экономиканың өсуіне оң сипатта әсер ететін болады.”


Мемлекеттік облигацияларға сұраныс артуда

Дереккөз: <https://www.nationalbank.kz/ru/structuresecurities/struktura-valyuty-gcb-v-obrashchenii>

Айналымда ұлттық валютада номинирленген МБҚ құрылымы, млрд теңге



ҚР Қаржы министрлігінің БҚ құрылымы



Дереккөз: ҚР ҰСБ



Сұңғат Рысбек


Талдаушы

“Наурызда мемлекеттік бағалы қағаздар көлемі 332 млрд теңгеге өсіп, 18.5 трлн теңгені құрады. МБҚ құрылымы былайша қалыптасқан:

- ҚРҰБ қысқа мерзімді ноттары – 3%;
- ҚР Қаржы министрлігінің БҚ – 80%;
- Муниципалдық БҚ – 6%.


Базалық мөлшерлеменің қазіргі деңгейі одан әрі сақталуы мүмкін екендігі туралы болжам аясында қаржы нарығына қатысушылар осы инвестициялау құралдарына аса қызығушылық таныта бастады. Әсіресе қысқа және орта мерзімді облигацияларға қызығушылық артуда. Айналымдағы МЕККАМ көлемі бір ай ішінде 22%-ға өсті. Сонымен қатар МЕОКАМ орта мерзімді облигациялары (+6%) мен TONIA мөлшерлемесіне индекстелген МЕТИКАМ қазынашылық облигацияларының (+4%) да өскендігі байқалады.

Қысқа және орта мерзімді қазынашылық міндеттемелер бойынша жоғары мөлшерлемелер қаржы нарығының кәсіпқой қатысушыларын осы қаржы құралдарын сатып алуға итермелейді. Сондай-ақ инфляция деңгейі төмендеген жағдайда жоғары сыйақы мөлшерлемелері де шетелдік инвестицияның келуін арттыра түседі. ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарына қатысты шетелдік инвестицияның ағылуы 126 млрд теңгеге өсті.”



Әлемнің алдыңғы қатарлы орталық банктері базалық мөлшерлемені көтерді

АҚШ ФРЖ, ЕОБ және Англия Банкі базалық мөлшерлемелерінің сырғу серпіні



Дереккөз: investing.com



Сұңғат Рысбек

Талдаушы

“3 мамырда АҚШ ФРЖ-сы монетарлық шарттарды одан әрі қатаңдату туралы шешім қабылдап, базалық мөлшерлемені осымен оныншы рет 25 базалық пунктке көтеріп, 5.25%-ға жеткізді. Нарыққа қатысушылар мұндай шешімді күткен еді, алайда реттеуші өзінің мәлімдемесінде алдағы уақытта мөлшерлемені көтеру саясатын тежеуі мүмкін екендігін атап өтті. Бір қызығы, реттеушінің бағалауынша елде банк жүйесі сенімді және орнықты күйде. Ал осы ретте соңғы 3 ай ішінде 3 өңірлік банк банкротқа ұшырады. Ал мөлшерлемені көтеру банк секторыны тағы да бір сілкіп өтті. Pacific Western Bank акциялары бір сәтте 58%-ға құлдырап кетті. Бұған дейін реттеуші өзінің шешімдерін инфляцияның өсу факторына қарап, қабылдайтын. Енді алдағы уақытта шешім қабылдау барысында банк сегментіндегі ахуалдар және кредиттік шарттардың қатаңдатылуы ескерілетін болады.

ФРЖ шешімінен кейін, 4 мамырда ЕОБ мөлшерлемені 50 базалық пунктке көтеріп, 3%-дан 3.5%-ға жеткізді. Баспасөз релизінде реттеуші инфляцияның бәсеңдегеніне қарамастан, ұзақ уақыттан бері жоғары болып тұрғанын алға тартты. Бұл ретте реттеуші еуро аймағындағы банк жүйесінің де орнықты екендігін жеткізді. Сонымен қатар мәлімдемеде реттеушінің қатаңдату циклының ең соңғы кезеңіне өткендігі, алайда алдағы шешім бәрібір инфляцияның өсу қарқынына тәуелді болатындығы айтылды.


11 мамырда Англия Банкі осымен он екінші рет базалық мөлшерлемені көтеруді ұйғарды. Мөлшерлеме 4.25%-дан 4.5%-ға дейін өсті. Сонымен қатар бұл шешім инфляция қарқының өсуіне тікелей байланысты болды. Басқа реттеушілерден ерекшелігі сол, Англия Банкі өзінің мәлімдемесінде қатаңдату циклының аяқталған-аяқталмағаны туралы ештеңе дегенен.

Осылайша әлемдегі 3 жетекші банктер монетарлық шарттарды одан әрі қатаңдатуды ұйғарды. Алайда банктердің банкротқа ұшырауына байланысты дағдарысты және мөлшерлемені бұған дейінгі көтеру әрекетінің әсері кешуілетіп жетіп жатқанын ескере отырып, кем дегенде 2 орталық банк өздерінің мәлімдемесінде мөлшерлемені көтеру циклының осымен аяқталуы мүмкін екендігін алға тартты. Қазіргі экономикалық ахуал осы күйінде сақталса немесе жақсаратын болса, реттеушілер өздерінің алдағы отырыстарында мөлшерлеменің деңгейін сақтап, оны әрі қарай төмендету кезеңін бастауы ықтимал.”

Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымы (2023ж. қаңтар-наурыз)

Дереккөз: <https://www.stat.gov.kz/ru/industries/economy/foreign-market/publications/40491/>

ҚР тауар айналымының көлемі, млн АҚШ доллары



Аят Сураганов

Талдаушы

“Ұлттық статистика бюросы Қазақстан Республикасының сыртқы сауда айналымының 2023 жылдың қаңтар-наурызындағы деректерін жариялады. Сол деректерге сәйкес Қазақстанның сыртқы сауда айналымы 2023 жылдың 1-тоқсанында 32.7 млрд АҚШ долларын құрап, өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 13.4%-ға өсті. Оның ішінде экспорт – 18.7 млн (-2.1%), импорт – 14.0 млн (+43.8%) болды.

Ағымдағы жылдың 3 айы ішінде ең үлкен өсім мына тауарлардың экспортында тіркелді: минералды тыңайтқыштар (150%), қара металдардан жасалған бұйымдар (113%) және мырыш кені (197%). Ал экспорттың қысқарғандығы мына тауарларда байқалды: алюминий (-75%), өңделмеген мырыш (-48%), темір кендері (-47%) және табиғи газ (-42%). Мына елдерге бағытталған экспорт айтарлықтай өсті: ЕЭО елдері (\$762 млн-ға немесе +42%), Италия (\$801 млн-ға немесе +25%), Қытай (\$115 млн-ға немесе +5%) және Франция (\$65 млн-ға немесе 10%).

Импорт көлемі де айтарлықтай өсті. Оған әсіресе мына тауарлар түрлері бойынша импорттың ұлғаюы ықпал етті: киім-кешек (231%), құбырлар (+165%), автокөліктер (+146%), мұнай және мұнай өнімдері (+113%), сондай-ақ телефон аппараттары (+75%).


Әріптес елдер арасында импорт бойынша ең жоғары өсімдер былайша қалыптасты: Қытай (\$1 184 млн-ға өсті немесе 56%), Германия (\$379 млн-ға өсті немесе 118%), АҚШ (\$344 млн-ға өсті немесе 117%), Түркия (\$294 млн-ға өсті немесе 124%), Корея (\$216 млн-ға өсті немесе 68%), Вьетнам (\$206 млн-ға өсті немесе 318%) және Жапония (\$194 млн-ға өсті немесе 130%).

Толығырақ сыртқы сауда бойынша таяауд сайтымызда жарияланатын мерзімді жұмысыңыздан оқып біліңіз.”

Қазақстандықтардың жалақысы соңғы 5 жыл ішінде шамамен 90%-ға өсті

Дереккөз: <https://ism.kz/pyat-let-kak-menyalas-zarplata-kazahstancev-infografika>

Орташа жалақының өзгеру серпіні¹



Дереккөз: ҰСБ, JA бағалаулары



Айжан Әлибекова

Талдаушы

“2018 жылдың сәуірінен 2023 жылдың сәуіріне дейінгі аралықта жалақы атаулы құнында 2 еседен астамға артты (+117%). Нақты өрнегінде (жинақталған инфляцияны шегергенде) жалақы осы 5 жыл ішінде 57%-ға өсті. Соңғы 12 айдың қорытындысы бойынша жалақының нақты деңгейінің өсімі оң емес, теріс серпінді көрсетті (-1.6%). Бұған осы кезеңде шарықтау шегінде жеткен, қос таңбалы санмен белгіленетін инфляция себеп болды. Жыл басында әлеуметтік төлемдер мен жәрдемақылардың, сондай-ақ экономиканың кейбір секторларында жалақының «индекстелуі» халықтың сатып алу қабілетінің күрт түсіп кетуінің жағымсыз салдарын қысқа мерзім ішінде болса да аздап залалсыздандырды. Алайда қолдағы табыстарлық қысқаруына қатысты құрылымдық мәселе бюджеттің шығындарымен шешілмейді.

Төлемге қабілетті сұраныстың әлсіздігін халықтың тұтыну себетінің көлемі мен сапасының нашарлап кетуінен байқауға болады. Жинақтау көңіл-күйі өзгереді және ұзақ мерзімге пайдалануға арналған тауарлар нарығында (әсіресе жылжымайтын мүлік нарығында) белсенділік төмендеп жатыр. Өмір сүру құнының өсуі және бағаға қатысты жағымсыз болжамдар сатып алушыларды шошытады және қымбат бұйымдар сатып алудан бас тарттырады.

Сонымен қатар бұл әлеуметтік теңсіздікті алшақтатып, әлеуметтік шиеленісті тудырады. Біздің болжам бойынша тұтынушылық сұраныстың төмендеуі жалпы бағалық жағдаятқа дезинфляциялық сипатта әсер етеді. Бірақ соған қарамастан шағарылымның оң алшақтығын төмендететін болады.”

¹ жалақының 2018-2023 жж. сәуіріндегі орташа айлық деңгейі

Авторлары: Аят Сураганов, Сұңғат Рысбек, Клара Сейдахметова, Айжан Әлібекова

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл тек ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір ұсынысқа немесе есеп-қисап, іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіби консультациялар беру не болмаса қызмет көрсетуді ұсыну бойынша ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты емеспіз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзетуге міндетті емес. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
А25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz